

Орман қорының мемлекеттік есебін жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1182 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 тамыздағы № 1087 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.27 № 1087 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Орман қорының мемлекеттік есебін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 1 8 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Орман қорының мемлекеттік есебін жүргізу ережесі

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес әзірленді және орман қорының мемлекеттік есебін ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібін регламенттейді (бұдан әрі - Ереже).

2. Орман қорының мемлекеттік есебі (бұдан әрі - есеп) орман қорының күзетілуі мен қорғалуын, ормандардың молықтырылуы мен орман өсіруді, орманның пайдаланылу мөлшерін анықтауды, орман қорының сандық және сапалық өзгерістеріне жүйелі бақылау жасауды ұйымдастыру және мемлекеттік органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды орман қоры туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

3. Ескерілетін көрсеткіштеріне қарай есепке алу жыл сайынғы және кезеңдік есептер болып бөлінеді, олар есепті жылдан кейінгі 1 қаңтардағы жағдай бойынша жүргізіледі.

4. Жыл сайынғы есепті жүргізу кезінде аудандар, қалалар, облыстар және республика бойынша :

1) мемлекеттік орман қоры санаттарының бөлінісінде мемлекеттік орман қоры алқаптарының алаңдары (мемлекеттік орман иеленушілер бойынша);

2) жекеше орман қорының алаңдары (жекеше орман иеленушілер бойынша) ескеріледі.

5. Кезеңдік есеп бес жылда бір рет жүргізіледі.

Кезеңдік есепті жүргізу кезінде жыл сайынғы есептің деректеріне қосымша басым кездесетін ағаш және бұта тұқымдары мен жас топтарының бөлінісінде сүрек қорларының бар-жоғы, орман шаруашылығын жүргізу және орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың шаруашылық қызметін бағалау үшін қажет орман қорының қорғалу және экономикалық сипаттамалары туралы деректер ескеріледі.

6. Орман қорының алаңы 0,05 гектардан асатын (0,1 гектарға дейін дөңгелектеп алғанда) барлық учаскелері есепке алынуға жатады. Есеп құжаттарында мәліметтер тұтас гектарлар күйінде келтіріледі.

7. Есеп жүргізу кезінде ерекше қорғалатын орман аумақтары жеке жолмен есепке алынады .

Мемлекеттік табиғи қорықтар (биосфералық түрлерін және сепортер-қорықтарды қоса алғанда), мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар мен мемлекеттік табиғи резерваттар шекарасында орналасқан мемлекеттік табиғи орман ескерткіштері солардың құрамында есепке алынады.

8. Есеп құжаттамасын жүргізу тәртібін, есеп көрсеткіштерінің тізбесін, тиісті құжаттардың нысандарын, есеп материалдарын беру мерзімін орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) айқындайды .

9. Мемлекеттік орман қорының құрамында есепке алынуға мыналар жатады:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі табиғи және қолдан өсірілген ормандар (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда);

2) мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының мұқтаждықтары үшін берілген табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері;

3) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі ені он метр және одан кеңірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелер;

4) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жасалған ені он метр және одан кеңірек, алаңы 0,05 гектардан астам агроорман-мелиорациялық екпелер, арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер.

10. Жекеше орман қорының құрамында есепке алынуға мыналар жатады:

1) мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жасалған және шаруа қожалықтары мен өзге ауыл шаруашылығы ұйымдары сатып алған ені он метр және одан кеңірек, алаңы 0,05 гектардан астам агроорман-мелиорациялық екпелер ;

2) Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісіне сәйкес орман өсіру үшін нысаналы мақсатта жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерде солардың қаражаты есебінен жасалған ені он метр және одан кеңірек, алаңы 0,05 гектардан астам қолдан өсірілген ормандар, агроорман-мелиорациялық екпелер, арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер.

11. Есеп деректері жыл сайын жаңартылып отырады. Оны жаңартуға және есеп құжаттарына өзгерістер енгізуге орман өсіруді жоспарлау материалдары және орман иеленушілер :

1) шаруашылық қызметпен қамтылған немесе табиғи факторлар салдарынан өзгерістерге ұшыраған учаскелерді қаз-қалпында қуәландыру актілері;

2) мемлекеттік органдардың :

жер учаскелерін орман қорының жерлері және (немесе) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері санатына енгізу;

мемлекеттік орман қорының жерлерін алу;

мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызу, бір санаттан басқасына ауыстыру, сондай-ақ ерекше қорғаныштағы учаскелерді бөліп алу;

орманды жерлерді орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты мақсаттарда пайдалану үшін оларды мемлекеттік орман қорындағы ормансыз жерлерге ауыстыру ;

ормансыз жерлерді мемлекеттік орман қорындағы орманды жерлерге ауыстыру ;

мемлекеттік орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттар жеріне ауыстыру және (немесе) мемлекеттік орман қорының жерлерін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу жөніндегі шешімдері негізінде орман қоры есебінің деректеріне жыл сайын енгізіліп отыратын деректер негіздеме болып табылады.

12. Есепке алуды ақпарат жинаудың, өндеудің және сақтаудың электронды жүйелерін пайдалана отырып, сондай-ақ қағазға басылған күйінде уәкілетті орган және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

Автоматтандырылған ақпараттық есеп жүйелері мамандандырылған

бағдарламалық-техникалық кешендер базасында құрылады, олардың жұмыс істеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

13. Есеп жүргізу үшін қажетті материалдарды: өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер бойынша облыстық атқарушы органдар және өзге де мемлекеттік органдар; уәкілетті органның қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер; жеке орман иеленушілер уәкілетті органның аумақтық органдарына береді.

14. Уәкілетті органның аумақтық органдары берілген есеп материалдарын тексеруді жүзеге асырады, оларды өңдейді және жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық аумақтық органдармен келісе отырып оларды уәкілетті органға қарауға және бекітуге жібереді.

15. Уәкілетті орган есеп деректерін өңдейді және аудандар, қалалар, облыстар және жалпы республика бойынша жыл сайынғы және кезеңдік есептер ретінде бекітіледі.

16. Есеп материалдарында дәлсіздіктер байқалған немесе олар толық көлемде берілмеген жағдайларда олар пысықтауға қайтарылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17. Есепті жүргізу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.